

Өтетін уакыты: 23 сәуір, сағ 11-00.

Іс-шаранын максаты: оқырмандарға кітаптын адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы, кітап оқуға тарту.

«Халыкаралық кітап және авторлық Күкык күні» деп ресми 23 - сәуір аталғандықтан біздің облыстық арнайы көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған кітапханасы бұл атаулы күннен тыс қалмай оқырмандарымыз арасында «Кітап - алтын казына» атты іс-шара өткіздік. Кітап арабтың «жазу» деген сөзінен шыққан. Ол тарих шежіресі, оқу тәрбие құралы болып табылады. «Оқымасан ой тоқырайды» деген сөз кітап оқымағанның ойы таяз, санасы төмен, өмірі қараңғы болатынын дәлелдейді. Алғашқы кітаптар осыдан сан мыңдаған жылдар бұрын пайда болған. Ол біздің қолымыздағы кітапқа мүлдем ұқсамайды. Алғаш рет кітап жумсак балшықтан жасалған. Жумсак балшыққа үшкір нәрсемен жазу жазып, оны кептіріп, кейін күйдірген. Ол кәдімгі кірпіш тас сияқты болған. Бамбук өсімдігінен таяқшалар әзірлеп соған да жазған. Ежелгі Египетте кітапты тасқа қашап жазған. Кейін жануарлардың терісінен пергамент деп аталатын материал жасалып, кітап соған жазылған. Еуропада кітап шығарудың негізгі материалы қағаз 13 ғасырда пайда болған. Кітаптың шығу тарихы мыңдаған жылдар мен ғасырларды артқа тастаған.

«Кітап атаулы досы бола бастаған шақтан былай ғана, әрбір жан өзін интеллект болып бастадым деп санауына болады» деген Мұхтар Әуезовтың сөзімен келіспейтін жан болып қоймас. Шынымен де кітап арқылы адамзат ақыл-ойының, інжу-маржаның бойына жиналды да, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Кітап – барлық білімдердің басын бір жерге тоғыстырып, кез-келген сәтте көмекке келетін еркін құрал, әрі білімді жетілдіріп, жан-жақты ізденіп, тіл байлығын дамытып, саналы да білімді адам шығаруда таптырмайтын баға жетпес дүние. Кітапқа байланысты іс-шара болғандықтан өзін рухани баймын деген азаматтар атсалысып түгелдей дерлік қатысты. Бүгін біз «байлықтың үлкені – рухани дүние» деп айтамыз. Адамзат баласының қол жеткізген үлкен игіліктерінің бірі-білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз - алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті». Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» - деген еді Габит Мүсрепов ағамыз. Әр салаға байланысты

«Кітап – алтын казына» (23 сәуір – Халыкаралық кітап және авторлық Қызық күні)

Авторлар: specbib
28.04.2015 15:36 -

неше түрлі олендер оқылып, пікір таластар болды. Абонемент залында үлкен кітап кормесі ұйымдастырылды. Оқырмандар ойларында жүрген көптеген кітаптар сұранысқа ие болды.

